

КНИЖКА

Пионер (раз. 43)

1958.

1-12.

Қысқы спорт маусымына әзірленіңдер



БАЛАЛАР!

Шаңғыларыңды, коньки-леріңді, қол шаналарыңды отряд, дружина бо-лып осы бастан әзірлеу-ді ұмытпаңдар. Сонда ға-на қысқы демалыстарың-ды көңілді өткізесіңдер.





ПИОНЕР

№ 12 ДЕКАБРЬ 1958
АЛМАТЫ



Жаныңның ашшы, ақын, айқарасын,
Жақсы жыр сонда ғана айта аласың.
Шат жүрек шалқы дейді, жырла дейді
Тілегін қалай оның қайтарасың.

Жырла сен жаңа дәуір — замананы
Заңын ел өзіне сай жаңалады.
Сол заңмен заманаңның бақыт нұры
Түп-түгел аймағыңды аралады.

Өмірдің сол ғой күле қарағаны —
Салтанат самалының тарағаны.
Советтік ұлы заңның саясында
Кең тыныс алды Отанның бар адамы.

Халқымның қалар ізсіз қай талабы, —
Айды да аралат деп айта алады.
Өйткені, өзімізде өрен күш бар
Өзгенің тосқауылын тойтарады.

Құлпырса қыруар дәнмен тың даласы,
Жайқалса жаз-өмірмен Сыр жағасы,
Бәріне соның өрнек, өзек болған,
Советтік ұлы заңның идеясы.

Сол заңда — елімнің бар ой-талабы,
Қазір мен келешекте байқалары,
Сол заңмен нұр жамылар байтақ өлке
Сол заңмен өмір гүлі жайқалады.

Туы ол — ар мен намыс биігімнің,
Туы ол еңбек ету, сүюімнің,
Туы ол демалудың, ел қорғаудың,
Адалдық алдына бас июімнің.

Заң күші ұшты аспанға жұлдыз болып, —
Түн түгіл таңырқар жұрт күндіз көріп.
Айды аттап, алыс сұлу шолпаныңа
Ертең-ақ кигіземіз құндыз бөрік.

Тілеген Шопашев.



СССР
КОНСТИТУЦИЯСЫ



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 12

ДЕКАБРЬ

1958 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 20 жыл.

ҚҰШАҒЫҢДЫ АШ, МОСКВА!

Алатау жазы жадырап,
Бұлағын төмен өргізген.
Төсіне гүлді тағып ап
Тұрғанын, достым, көр бізден.

Бақшада әсем көктемде
Гүлдердің иісі тамаша-ақ.
Қарасаң үнсіз бөктерге
Есіңе түсер бала шақ.

Қырдағы бидай сабағын
Төрбөйді самал таңда бұл.
Елімнің дәмін-табағын
Москва, бүгін ал қабыл.

Келеміз шырқап жаз өнін
Москва — ұлы астана.
Қабылда қырдың қазағын
Меймандос қартқа, жасқа да.

Өмірді күймен тербетіп,
Өнерден жүлде алғандар
Келеді саған әндетіп,
Өлеңде биік Талғарлар.

Жарқ етер арман талайғы,
Самалдай майда күт әнді.
Қабылда ұлы Абайды,
Қабылда біздің Мұқаңды.

Қолтықтап заман дастанын
Сәкең де барар бұл тойға.
Шарықта, көкте асқақ үн,
Жанарда жарқын күлкі ойна!

Біржанды қайта тірілтіп,
Ақанмен үнсіз сырласқан.
Жүсекең шырқар құбылтып,
Өнері оның бір дастан.

Өнердің кілті ашылды
Қалықтап жақсы өн жүр бүгін.
Москва, тыңда Қасымды,
Сырбайдың тыңда сырлы үнін.

Көгімде заман шат күні
Ұдайы күліп жанған соң.
Өнердің жоқ қой жаттығы
Өмірің бірге болған соң.

Жаныңның шағып зар-мұңын
Жартасқа барып жыламай.
Москва, тыңда дәл бүгін
Оқиды жырын ұлы Абай.

Тереңге мұңын жасырған
Жетем деп сөнген қатарға.
Кремль трибунасынан
Сөйлейді шалқып Шоқан да.

Сөйлейді жыршы жас буын
Сырласып отты жүрекпен.
Халықтың асыл достығын
Қаламын тербеп жыр өткен.


Сөйлейді сұлу ақ қайың
Бой сылап өскен шуақта.
Айтады бала тақпағын.
Сөйлейді мөлдір бұлақ та.

Қуаныш көкте шарықтап
Әндете келді гүлді ауыл.
Дарынды туған халықты
Москва, тағы тыңда бір.

Кеудеміз толы қуаныш
Сыңғырлап келді күлкі ылғи.
Дауысымыз кетсін тым алыс
Қабылда бәрін, Үлкен Үй.

Тұманбай Молдағалиев.

Жақсы ағай



ӘНГІМЕ

Жасыратыны жоқ, Әнуар милиционерді ұнатпайтын. Әлде кейбіреулерден естіген сөз бе, болмаса түнеугүні паркке шарбақтан секіріп түскенде ұстап алып ұялтқаны үшін бе, әйтеуір, милиционер десе болды, Әнуардың денесі кұрысатын да қалатын. Соңғы бір кезде өзі ұнатпаған жолдасы болса, сен милиционер екенсің, дегенді де шығарып алды. Біреумен бәстесе қалса, егер алдасам бар ғой, милиционер болып кетейін, дейтін болды.

Не керек, Әнуардың ұғымында милиционер — әлде бір кұбыжық та, ұнамсыз адам.

Демалыс күні еді, шешесі Әнуарға паркке барып, кино көруге үш сом ақша берді. «Бір сомына кино көр. Қалғанына балмұздақ алып же», — деді ол. Қас қылғандай осы сәтте інісі Темірдің «Мен де баям, мен де баям», — деп ынылдап тұрып алғаны. Мұны көрген шешесі тағы да үш сом беріп: «Кинодан соң үйге келіндер. Кешікпендер», — деп оны Әнуарға ілестіріп жіберді.

Амал қанша, зығрданы қайнағанмен, басқа шара жоқ, екеуі үйден бірге шықты.

Күн ашық еді. Аспан әлемінде күміс табактай жалтылдаған күн бұл сәтте дәл төбеге келген екен. Қоныр салқын үйден шыққан бұларды ыстық табымен бір қарып алды да, жапырақтары өзара сыбырласқан ағаш көлеңкесіне ықтырды.

Қала қайнаған қазандай қимыл үстінде еді. Асфальт жолда самғаған машина, трамвайлар, әртүрлі киінген үлкенді-кішілі адамдар сапырылысып әрлі-берлі жүріп жатыр.

Әлгінде үйден шыққанда-ақ Әнуар інісіне: «Көшеде шаршадым деп жыламайсың ба? Балмұздақ сұрап қыңқылдамайсың ба?»

Шөлдедім демейсің бе? Конфет әпер деп әлек салмайсың ба?» — деген сияқты қысқа-қысқа сұрақтар беріп, бәріне де «жыламаймын, сұрамаймын» деген тұжырымды жауаптар алып, шегедей нықтаған еді.

Бірақ, бір-екі көше өткенде-ақ газды суды көрген Темір:

— Су ішем. Су әпейші! — деп ынылдай бастады.

— Әлгіде жыламаймын дегенің қайда? Әйтпесе, жүр, үйге қайта апарып тастаймын! — деп Әнуар қорқытып еді, Темір тағы да бір-екі көше өткенше жым болды.

«Енді ол анау не, мынау не» дегенге көшті. Әуелі Әнуар оның сұрақтарына құлақ аспап еді, «айтпасаң баймаймын», — деп тұрып алды.

Амал жоқ, трамвайдың шылдырын да, светофордың қызарып, көгеріп, жануын да, гүлдің неге өсіп тұрғанын да, ең ақыры, газды судың неге қызыл-сары болатынын да түсіндіруге тура келді. Осылайша 28 гвардияшылар атындағы парк ішіндегі «Алматы» кино-театрының алдына да жетті-ау, әйтеуір.

Театр алдында асыр салып ойнап жүрген балалар көп-ақ екен. Сол арада Әнуар өзімен бірге 4-класста оқитын Рауза мен Науанды да жолықтырды. Олар өздерінше мәз болып сөйлесіп тұрғанда, Темірдің көзі фонтанға, ондағы ауыздарынан су ытқып тұрған балықтарға түсті.

Фонтан жанында өзі секілді бір топ бала ойнап жүр екен, арасының қолынан ақыры сырылып шыққан Темір де соларға барып қосылды. Ол фонтанды айнала жүгіріп балықтарды тамашалады, еңкейіп суды шалпылдатты. Ойын үстінде кино да, Әнуар да есінен шығып кетті. Бір кезде кішкентай балалардың бірі: «Жүр, карусельге барайық» — деп еді, Темір де соларға ілесті.

Үйдегі ойыншықтардың бәрі де мұнда екен. Өне аю, анау біреуі қоян... Мұның бәрін Темір бұрыннан-ақ білетін. Айырмасы — бұлардың бәрі айнала шауып жүр және бәрі дәу-дәу!

Өзі ілесіп келген балалардың біразы әке-шеше, аға-апаларымен бірге әлгі аттарға, пілдерге, арбаларға мініп жатыр. Осы кезде тұлымы желкілдеген, бұйра шаш, сары қыз оған:

— Билет алдың ба? Жүр! — деді.

Сонда ғана Темірдің есіне Әнуар түсті. Жан-жағына карап еді, ол көрінбеді. Бәрі де бөтен балалар. Темір жылап жіберді.

— Бұл неге жылап тұр, Тома? — деді ұзын бойлы, толықша келген сары әйел.

— Білмеймін, мама, — деді қыз жалтақтай қарап.

— Сен неге жылайсың, ә? Жігіт те жылай ма екен? — деді әлгі әйел еңкейіп, Темірдің маңдайын сипап.

Жалғызсыраған Темір одан сайын жылады. Әйелдің «Мамаңмен келдің бе, әлде папаңмен келдің бе?» — деген сұрақтарына басын шайқай берді. Тек «Ағаң ілестіріп келді ме?», — дегенде ғана басын изеді.

— Ал, ол қайда?

— Білмеймін, — деді Темір өксіп.

— Жылама, — деді әлгі әйел мүсіркеп. — Адасып қалғансың ғой. Қазір-ақ іздеп табамыз. Тома екеуің ешқайда кетпей осылай ойнай тұрындар. Мен қазір келемін, — деді де ол топ ішіне сүңгіп кетті.

«Қазір іздеп табамыз», — дегенде ғана Темірдің көңілі орнына түскендей болды. Шыр айналған ойыншықтарды аздан соң Тома екеуі шарбактың сыртынан тамашалап көңілденіп кетті.

Бір кезде әлгі әйел келді. Қасында кара мұртты, қызыл пагоны бар бір адам бар.

— Міне, мына бала, — деді ол Темірді көрсетіп. — Ағасы екеуі келген екен, адасып қалыпты.

Әлгі адамды көргенде көзі шарасынан шығып кеткен Темір тағы да бақырып жылап жіберді.

— Неге жылайсың? — деді әлгі адам жақындай түсіп, күлімсірей.

Темір ол жақындаған сайын қашқалақтап, шарбакқа тығыла түсті.

— Жылама, — деді әлгі адам. — Қазір, машинамен ду-ду деп мамаңа барамыз.

— Машинамен бе? — деді Темір таңданғандай.

— Иә, машинамен барамыз.

— Сен мишенейсің ғой, ә?

— Иә, милиционермін.

Темір онан әрмен бақырды. Енді көмекке әлгі әйел де келді. Ол:

— Қорықпа, бұл сенің милиционер ағаң ғой. Қазір саған балмұздақ әпереді, — деп жұбатып жатыр.

— Кейегі жоқ. Мишеней жаман, у-у, — деді Темір енді әйелдің бауырына тығыла.

— Оны кім айтты?



— Ағатайым.

— Ол өтірік айтқан. Милиционер ағаң жақсы, — деді әйел Темірді жұбата.

— Иә, милиционер ағаң жақсы, — деді Тома да.

Көптен бері көрмеген достарымен әңгіме үстінде Әнуар, Темірдің қасынан кетіп қалғанын байқамаған еді. Киноға кіретін мезгіл жақындағанда ғана, Темір есіне түсіп жан-жағына алақтай қарады. Ұшты-күйлі жоқ.

— Сендер маған алаңдамаңдар, — деп екі досын қалдырды да, ол Темірді қалың тоқтың арасынан іздеуге шықты.

Кино-театр маңынан Темірді таба алмады. Паркті түгел шарлап шықты. «Қайда кетті? Қалай таппақ? Осыншама халықтың арасында ол қалың шөпке түскен ине секілді емес пе?»

Бәлкім, ол манадан бері алақтап жүгіре бермей, әркімнен сұрастырса, әлдеқашан тауып алар ма еді, қалай? Әлгіңде ғана Темірмен бірге шашы сары қыз тамашалап тұрған карусельдің қасынан талай рет өтті-ау. Әне, Тома шешесімен бірге мұның қарсы алдынан да шықты, сұрай қалса, айтар еді-ау. Әттен, қайдан біле қойсын оны...

Зыр жүгірген Әнуар ішінен Темірге кіжініп те қояды. Ілестіргеніне де өкінеді. Киноны көре алмағаны да жанына батады.

Жоқ нәрсені іздегенде уақыттың қалай тез өткенін аңғару қиын ғой. Осы екі ортада киноның жаңа бір сеансы бітіп, Рауза мен Науан Әнуарға парк ішінде тағы да кездесті.

— Киноны көрдің бе? — деді Рауза.

Әнуар түнерген бойы басын шайқады.

— Неге?

— Темірді таба алмадым...

— Бәлкім, үйге кеткен болар? — деді Науан.

— Мүмкін емес..

— Онда милиционерден сұрайық, — деді Рауза.

Әнуардың қабағы онан әрмен түйіліп кетті: Ол.

— Ендігі қалғаны сол болып па, — деді Раузаның өзеурей бергенін жақтырмағандай, ызалы кескінмен. — Өзім-ақ іздеп табамын.

Әнуар кілт бұрылды.

— Қарай көр өзін, — деп Рауза бұған ренжіп қалды. — Жүр, Науан, кеттік...

Мезгіл өтіп барады, өтіп барады. Әнуар әбден шаршады. Дәрменсіздіктен көзінен шыққан жасты елге білдірмей, сығып та алады. Ақыры жазғы театрдың алдына келіп, бір орындыққа отыра кетті. Көз алдына әкесінің кейісті жүзі, шемесінің жылаған кейпі келді. Енді бірде әр нәрсені ша-

тып-бұтып күлімдей қарап тұрған Темір келді көз алдына...

Кенет, ыршып орнынан ұшып тұрды. Осы сәтте көзі бажырайып, кейін шегіне бере орындыққа отыра кетті. Өңі ме, түсі ме! Иә, өңі, қарсы алдында Рауза мен Науан тұр күліп. Қастарында мұртты милиционер. Ол Темірді жетектеп алған.

Әнуар ұмтыла барып Темірді құшақтай алды...

— Милиционерлерді жек көретін аған осы ма? — деген дауыс келді құлағына.

— Ошы, — деді Темір, ойында ешнәрсе жоқ адамдай жайбаракат.

— Сәлемет пе, жігітім! — деп мұртты милиционер қолын ұсынғанда, Әнуар:

— Рахмет, ағай — деп төмен қарап жымыды.

Жол-жөнекей Темір сөзден аузын жиған жоқ. Милиционер — ағаның балмұздақ әпергенін, сонан соң ойыншықтары көп бір үйге әкелгенін, онда өзі секілді адасып қалған балалармен ойнағанын, Рауза мен Науанның келгенін айтумен болды.

...Сол күннен бастап Әнуар паркке келген сайын милиционерлерге ізетпен сәлем беріп жүретін болды. Ал жолдастарына «Бұл біздің жақсы ағай» деп сырттай таныстырып та қояды.

С. Сарғасқиев.

АҢДА

Өркеші секілді атанның
Аппақ қар жамылған жоталар.
Соңында келемін атамның
Мұндайда үйде кім жата алар.
Төбеден төнеді көк аспан,
Пұшпақтан қарайды күліп күн.
Иығымда мылтығым жоқ асқан,
Жол ауыр боларын біліппін.
Атамның сусылдап шаңғысы,
Ақ қарды келеді тілімдеп.
Мұз қатқан мұртының шалғысы
Қарады маған бір күлімдеп.
Көргенде осы бір күлкіні
Қазандай қайнады намысым.
Білекке жиналды бар күшім,
Басталды атаммен жарысым.
Қызық-ай! Қарсы бір қыраттан
Көрдім мен тап өзін түлкінің!
Аумайды кәдімгі тымақтан.

Шіркін-ай, болса ғой мылтығым!
Қазір-ақ ұшырып түсіріп
Алар ем құйрығын түлкінің.
Қалдым-ау кенеттен қысылып,
Әттең-ай, болса ғой мылтығым.
Атамның ұстап ап жеңінен,
— Әне! Әне!... — дедім мен сыбыр-
лап.

Тұрмады ол сөйлесіп менімен,
Жөнелді жұлдыздай зымырап.
Кенеттен тарс етті! мылтықтың
Ащы үні тұндырды құлақты.
Қорқып та қалып ем мен тіпті,
Қу түлкі созыла құлапты.
Кеудемде қуаныш тасиды,
Алдамай өліпті түлкі шын!
Ал, атам мұртына жасырды
Өзінің мақтаныш күлкісін...

Қ. Баянбаев.

Балалық шаққа саяхат



(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

Б. Соқпақбаев.

Повесть

Бибігүлмен Смағұл тәтем отаса алмады. Біраз уақыттан кейін Смағұл әйелін шығарып жіберді. Біздің үйде кілең еркектер қалдық.

Семьяда әйел болмағаннан кейін өмір-өмір емес екен. Не үй ішінде, не ішкен-жеген тамағымызда береке қалмады. Кіріміз жуылмай, жыртығымыз жамалмай, аз уақыттың ішінде бұрынғыдан бетер жүдеп, азып-тоза бастадық.

Сатылған бұл кезде жиырма екі жаста. Тасы өрге домалап келе жатқан жасөспірім белсенді. Артельде есепші болып істейді. Әрі сауатсыздықты жою мектебінде сабақ береді. Комсомол ұйымының хатшысы.

Комсомолдың беделі ел арасында керемет. Ауылдағы істерді ең бірінші үгіттеуші, қолдаушы міне солар. Олар араласпайтын тіршілік саласы болмайды. Біреу әйелін сабаса да, ол туралы комсомол жиылысы мәселе қарап, тиісті қортынды шығарып жатады. Колхоздағы жалқау, кертартпаларға күн жоқ. Комсомол ұйымы оларға бүйідей тиіп, қабырға газетіне жазып, өлеңге қосып, тыныш таптырмайды. Басқаны былай қойғанда, комсомол белсенділерінің алдында ауылдық совет председателі мен совхоз басқармалары да мәймөнкелеп тұрады. Өйткені, жастар олармен ымыраласуды білмейді, байқаған кемшілік, заңсыздықтарды бетке басып айтады. Мінезі биязы болғанымен, осындай айбат кей-кейде Сатылғаннан да шығатын.

Бір күні аяқ астынан үйленді Сатылған. Нарынқол жақтан өзінен бес-алты жас ұл-

кен Әлиман дейтін келіншекті түнделетіп алып қашып әкелді. Әлиманның бұрынғы күйеуі дүние салған екен. Әмеңгерлік жолмен енді қартаң қайнағасы алмақ болғанда, ол көнбей, ел арасында беделі бар жапжас, көрікті жігіт Сатылғанмен уәде байласады да, киім-кешек, төсек-орныш буып-түйіп, бір түнде сызып отырады.

Жоқты бар етіп, ұқсата білетін, үй іші тіршілігіне құтты, он саусағынан өнері тамған әйелдер болады ғой. Әлиман соның дәл өзі еді. Ол біздікіне бұрын-соңды болмаған көрік-шырай, тап-тұйнақтай тазалық алып келді. Әлиманның өзімен бірге әкелген көрпе, жастық, кестелі төсек жапқыш, киім жапқыш секілді бұған дейін біздің үйге бітіп көрмеген мүліктері ыбырсып жататын күңгірт көңілсіз төр бөлмені алтын жалатқандай бірден жайнатып жіберді. Жаңа жеңгемнің ісмер, бираз қолы жыртық-жәутік ескі бұйымдарды да қағып-сілкіп, жамп-жасқап жаңғыртып, тәртіптеп кәдеге жарата бастады. Сөйтіп, біздің жұтаң үй кәдімгідей түрленіп, жүгіміз қомақтанып, берекеленіп қалды. Бір бүйірі қабысқан ағаш шүмек сары жез самаурын мен азынаулақ, жұпыны ыдыс-аяқ енді дастарқанға судан шыққандай мөлдіреп, мұнтаздай таза келетін болды.

Ішіп-жеміміз де берекеленіп қалды. Қара су қайнатса да, Әлиман бізге үш мезгіл түтін түтетіп, дастарқан жаяды. Бір борша еттен бәріміздің бүйіріміз шығатын бір қазан дәмді тамақ істейді.

Шешем қайтыс болғаннан бергі заманда

қашан ержетіп, тізгінімді өз қолыма алғанға дейін мен талай жеңгенің қолына қарадым. Солардың ішінен Әлиманды құрметтеп еске түсірем.

Әлиман ақылы, мінезі-кейпі түгел сай келген инабатты жан еді. Толықша, орта бойлы, бетінің болар-болмас шұбары бар, жүріс-тұрысы мамықтай жұмсақ, аққуба келіншек. Үнемі аппақ, таза жаулық, шұбалған кең-мол көйлек киіп жүреді. Үлкен-кішінің алдынан қия басып өтпейді. Қатымыр-қиқарлығы жоқ, шуақты күндей бірдоға жайдары.

Жеңгемнің маған деген мейір-сұқбаты да өз шешемдей қалтқысыз. Егер бір үйге қыдырып немесе қонаққа барса, ауыл әйелдерінің әдетімен ол мені қасынан тастамай ерте жүреді. Дастарқаннан құрт, қант, конфета алып беріп отырады.

Әлиман киімді де шебер жамайтын. Жыртылған жерге қайдан болмасын соған түстес мата тауып, қиыстырып тұрып жамағанда, әлгі киім бүп-бүтін болып шығады. Оның тұсында менің үстім жүдеп көрген емес. Қысқа қарсы Әлиман кәдімгі ақ киізден сырып, маған жеп-жеңіл, ықшам, әрі жылы, тамаша пима тігіп берді.

Әлиман келгеннен кейін біздің үйдің ішіндегілер өздерін өздері бақылап, тәртіпті жүріп-тұруға үйрене бастады. Әкем таңертеңгі шайға дамбалшаң келіп отыруын қойды. Оның шұлғау, ұлтарақтары пеш түбінде қоқырсып жатпайтын болды.

Жеңгем ағайымнан бес-алты жас үлкен еді. Біздің семьяның ел санатына қосылғанын көре алмаған іші тар ағайын енді сыпсындап, осыны сөз ете бастады. «Өз теңін таппағандай, байы өлген қатынды алғаны несі екен? Шешесі мен құралпы әйелге үйленіп, не қара басып жүр? Әйелдің көрпе-жастық, дүниесіне қызыққаны да» деген секілді ағайымды ағаш атқа мінгізген шақпа әңгімелер қоздап кетті. Албырт жас жігіттің бұл, әрине, намысын шабақтайтын болу керек. Өсекші жұрт ақыры жаңа қаз тұрып келе жатқан бұл жас семьяның түбіне жетіп тынды...

Біздің ауылдағы мектептің үшінші класы қыс ортасында жабылып қалды. Мұнда оқитындардың әрқайсысы өз жағдайына қарай әр жаққа тарап кетті. Біз алты-жеті бала осы ауылдық севетке қарайтын Сарыбастау дейтін жердегі бастауыш мектепке барып оқымақшы болдық.

Жеткізіп салу үшін колхоз шана берді. Жеккені ыныршақ арық, торы ат. Бір-бір

дорба талқан азық-түлігімізді қамдап алып, улап-шулап жүріп кеттік. Балалардың ішіндегі жас жағынан, дене жағынан да ең кішісі менмін.

Әлиман жеңгемнің өзімен бірге әкелген мақталы жап-жаңа қара бушлаты бар еді. Соны үйде ол екеуміз кезектесіп қиетінбіз. Мен оқуға киіп баратынымын да, келген соң ол өзі киіп, олай-былай шығатын. Шетке, сый елге бара жатқан соң жеңгем сол бушлатын енді басы бүтін маған берді.

Күн суық, шытынаған аяз. Түнде борасын соғып, жолды ала-құла жасырып кеткен. Арық ат шананы әрең сүйреп келе жатыр. Айнала жылт-жылт еткен аппақ меніреу дала. Текестің күнгеі жағасын күлділап, шығысқа қарай жүріп келеміз. Судың аргы өңірі қарауытқан талды, бұталы алқап. Сонау, әрменіректе менірейіп бозалаң тартқан жал-жал екі төбе тұр. Біздің ауыл мекен еткен аймақтың Қостөбе атануы міне осыдан.

Ес білгелі ешқайда қия басып, сейілдеп, бой жазып көрмеген маған бұл сапар үлкен әсер етіп келеді. Шынтағымның астындағы ауыз жағына үш таба нан салынған бір қоржын талқанымды қызғыштай қорып, үстіне ешкімді отырғызбаймын. Сатылған ағайым: «Мырзатай дейтіннің үйінде жүріп оқисың. Сөйлесіп келісіп қойдым» деген. Сол бейтаныс адамдар жөнінде әрқилы ойға шомып, бұдан былайғы өмірімді қиялымнан өткізіп келем. Бір мезет азығымды қалай етемін деп басым қатады. Үй иесі әйелдің қолына беріп, солармен бірге ішіп жеймін бе, жоқ әлде өзім оңаша тамақтанам ба? Мен сабаққа кеткенде, олар ұрлап жеп қоймас па екен?

Ат айдап келе жатқан—Жүнісбай. Ауылдан жайырақ шығып қалғандықтан Сарыбастауға жарықта жету үшін ол делбені шарт-шарт ұрып, қамшы басып, тор аттын жанын қоймай, сар желдіреді. Еңістеу жерге келгенде, қосаяқтатып та алады. Мұндайда біз: «Шу! Шу! Айт шу!»—деп, мәз болып жамырай шулаймыз!

Ауылдан алты-жеті километр шамасы ұзап шыққаннан кейін Сарыбастаудың жолы Есекартқан дейтін сайды өрлеп, солға қарай бұрылады. Сол арада бізді күтпеген оқыс жағдай қарсы алды. Жол дегеніңіз тып-типыл. Осы сайдан үзілмей еңіске қарап аңырап тұратын сары жел бар. Сол түнімен құтырынып, өз дегенін істеп тынған екен. Онсыз да үсті-басы қыраулап, еңтігіп

келе жатқан торы ат өкпесі солк-солк етіп, тарта алмай тұрып қалды.

Енді не істеу керек?

— Түсіңдер! Жаяу жүріндер! — деді Жүнісбай.

Қыстың жылусыз, қысқа күні бұлыңғырланып, көкжиекке төніп барып қалған. Маңдайымыздан сары жел соғып тұр. Шананың артынан омбылап, жаяу шұбап келеміз. Малтақтап, әрең ілесем балаларға.

Шанамен қатарласып, қарды омбылап кешіп. Жүнісбайдың өзі де жаяу келе жатыр. Бірақ, ол шаршауды білмейді. Күннің кешкіріп бара жатқанын, жолдың ауырлығын көріп, атты екілене жүргізді.

Біраздан соң менің жүруге шамам болмады. Арка-басым бусанып терлеп кеттім. Жұрттың ең соңында жырылып қала берем де, сосын жүгіріп, азар жетем. Галықсып кеттім. Ілесе алар түрім жоқ.

Әлімнің құрығанын Жүнісбайға айттым.

Жүнісбай мені біраз демалсын деп, шанаға отырғызды. Жетісіп қалдым. Түскім келмейді. Малтыға жаяу жүріп келе жатқан балаларға қарап, жүрегім зырқылдайды. Ат тағы бір ентігіп қалған кезде:

— Түс. Енді жаяу жүр, — деді Жүнісбай.

Тағы да жаяу жүріп бактым. Жүре алмаймын. Шанадан едәуір жер қалып қойдым.

— Жүнісбай, мен жүре алмаймын.

Даусым жыларман болып шықты. Шана тоқтады. Алдымнан соққап жел кеудемнен итеріп, одап әрмен титықтатады. Бұтындап әрең қуып жеттім. Қас қарайып қалған мезгіл. Кейбір менімен қастас балалар:

— Жүрмесен, қал, — дейді.

— Шыда, — дейді Жүнісбай, — Сарыбастауға дейін енді онша кашық емес. Сонау мұнартқан қыратты көрдің бе? Соған асак, жетіп барамыз.

Ол нұсқаған меже маған жер түбіндегі көрініп жігерім одан бетер күм болады.

Мен шападан тағы қалып қойдым. Тағы бір-екі бала мен құсап, шаршадық, жүре алмаймыз деп, ыңкылдай бастады. Ішіміз бұралып, қарнымыз ашып кетті.



Атты қаумалай айдап, ілгері озып кеткен ересек балалар бір кезде иіріліп тоқтады да, бізді тосып алып:

— Кімде кім бір таба нан берсе, шанаға отырғызамыз,— деді.

Бір таба нан ол кезде біз үшін бір қоймен парапар, көп дүние. Ана құрғырлар осал жерімізден ұрғандай болды. Әрқайсымыздың екі-үш табадан ғана нанымыз бар. (Қалғаны талқан) Соның біреуін бергеннен кейін несі қалады. Қимаймыз.

— Болындар! Қәне, кім береді?

Ешкім үндемейді.

— Бергілерің келмей ме? Ендеше жаяу жүресіңдер!

Бұның азабы одан да күшті.

— Жарты таба нан берейін,— дедім мен.

Ересек балалар өзара ақылдасып көрді де, келісті.

— Әкел!

Қоржынымның аузын сөге бастадым. Ішім удай ашып барады. Өзімнен өзім аяп келе жатқан қайран нан қазір ту-талақайға түсіп, басқаларға бұйырмақшы. Қолым дір-дір етіп, тоназып қалған сұп-суық таба нанды қақ бөліп, сындырып жатырмын.

Көкбекбайдың Жүнісбайы, Шықабайдың Тұрсынбайы, Өзібектің Әріпбайы, Уәлибайдың Әбегі секілді ірі балалар мен берген нанды таласа бөлісіп, ашқарақтана қарпып алды.

Менің енді оларда жұмысым болған жоқ. Қоржынымның аузын қайтадан мықтап буып, астыма бастым да, кәне, жүргізіндер дегендей, шананы сатып алғандығымды таңытып, мығымданып отырып алдым.

Тағы біраз жер жүрдік. Қаранғы түсіп, күн онан әрмен суытып кетті. Қимылсыз отырғандықтан дірілдеп, тона бастадым. Түсіп, біраз жаяу жүріп, жылынып алайын десем, шанаға қайтадан отырғызбай қояр деп қорқам.

Бұл кезде ат та болдыруға айналды. Әлсін-әлсін діңкелеп тұрып қалады. Балалар да қалжырады.

Әлгіде шаршадым, жүре алмаймын деп келе жатқан баланың бірі Садық еді.

— Жүнісбай, мен де жарты таба нан берейін. Шанаға отырғызшы,— деп өтінді ол.

Ашқарақ балалар арық аттың халімен санаса ма?!

— Отыр,— деді оған да. Жарты таба нанды тағы бөліп жеп алды.

Жүруге халі келмеген үшінші бала өтініш жасады:

— Жүнісбай, мен де жарты таба нан берейін...

Жемқор балалар одан да бас тартпады. Тойынған сайын арандары ашыла түсті.

Біз үшеу болдық шанада. Ат бұрынғыдан бетер ауырлап, бір тоқтап, бір жүріп, әрең сүйреп келеді. Енді кішкентайдан соң ол титықтап, теңселіп, сарт-сарт соғылған қамшы мен делбенің бірін де тыңдамай мелшиіп тұрып қалды.

Біз шанадағылар, қайтсеңдер, де, мейілдерің, төлер ақымызды төледік дегендей тапжылмаймыз.

Шанада басып алған азырақ шөп бар еді. Атка содан салып, біраз шалдырғаннан кейін қайтадан қозғалдық. Бірақ, діңкесі құрып болдырған арық жануар бұған тыңдамайды. Он шақты метрдей жүріп барды да, қайтадан тұрып қалды. Аттан үміт үзілгеніне бәріміздің де көзіміз жетті.

Енді не істеу керек?

Жүнісбай бізге:

— Қәне, бәрің түсіп, жаяу жүріңдер,— деді.

Шанадағылар шу ете қалдық:

— Біз сендерге нан бердік қой!

— Нан берсеңдер, қайт дейсіңдер! Аттың болдырғанын көрмей тұрсындар ма?

Амал жоқ, бәріміз жерге түстік. Нанымыз текке кетті-ау деп, қасымыздағы екеудің іші күйетін болуы керек. Мен болсам, олардай емес, шанаға талай жер отырып келдім. Бұларға қарағанда ақым кетпегенін көңіліме медеу етем.

Атты бір шалдырып, бір қозғалтып, титықтап, ұзақ жүрдік. Біраздан соң алдымызда жылтылдаған от көрінді. Қырман екен. Сабанға біреу от қойып кетіпті. Қыпқызыл болып, қоздап жанып жатыр. Соны аударыстырып, маздата түсіп, жылынып, дем алдық. Сарыбастауға келіп іліндік. Алдымыздан үрген ит даусы естілді. Жылтырап, бірлі-жарым ұйықтай қоймаған үйлердің терезелерінің жарығы көрінді. «Үһ, не де болса, жеттік-ау!» — деген қуаныш сезімі талықсыған бойымызды желпіндіріп жіберді.

(Жалғасы бар).

АЗАТ

Азатқа бәрі қызық, бәрі тансық. Оның білгісі келмейтін нәрсесі жоқ-ау, сірә. Көрінген затты «бұл не?» деп былдырлап сұрап жүргені. Азаттың осы мінезін мамасы да, папасы да қызық көреді. Ол-ол ма. Өзінен екі жас үлкен ағасы Ержанға да қызық.

Бірақ, Ержан мамасы мен папасындай емес, Азаттың кей сұрағына жауап берсе, кейде жақтырмай, сенің өзің ештеңені білмейтін бала екенсің деп бәлсінеді. Мұндай кезде Азат кәдімгідей-ақ ренжіп қалады. Өйткені, ол үшін Ержаннан білгіш, онан асқан тапқыр адам бұл дүниеде жоқ. Көрші үйдегі Васька деген мысықтың төрт күшік тапқанын, айта берсеңіз, Ержан оған пана-сынан әлде қайда бұрын түсіндіріп берген.

Ержанның жақтырмайтындай тағы бір себебі бар. Азаттың тілі шыққаннан бері Ержан бұрынғыдай емес, оның көзінше басы артық ештеңе жасай алмайды. Ержан, әлде қалай, бір бұзақылық жасады дегенше Азат оны мамасына жеткізді дей бер. Сондықтан, Ержанның оған жалынатын кездері болады. Кейде «айтпаймын» деп уәде берсе де, мамасы конфеттің шетін қылтитса болды, сөзінде тұрмай, көргендерін ақтара салады.

Бір күні көрші үйдің баласы келді де, Ержанмен сыбырласа бастады. Бір-біріне құпия сыр айтып жатқандары жүздерінен байқалып тұр. Көздері тостағандай болып кетті. Сәлден соң Ержан киінді. Оны көріп Азат та киіне бастады.

Ержан кейінгі кездері өзінің құпия сырларын ашып қоятын болған соң Азатты алдап қашып кететін. Бұл жолы да:

— Азат, доп қайда? — деді жолдасына көзін қысып.

— Ішкі бөлмеде, — деді Азат.

— Ендеше алып шықшы, ойнайық.

Азат допты алып шықты. Ержан ұшты-күйлі жоқ болып кетіпті. Тағы да алданып қалғанын сезген Азат қолындағы допты лақтырып жіберіп, бақырып жылап, отыра кетті.



Азат ұзақ жылады. Жылай-жылай жалықты да. Бірақ, жылай берсем біреу келіп жұбатар деген үмітпен «ә-ә» деп боздаған ботадай даусын созды да отырды.

Бір кезде Ержан қайтып келді.

— Азат, мен не әкелдім, білесің бе?

— Не әкелдің? Білмеймін, — деді Азат көзінің жасын сүртіп.

— Мә, ал!

Азат орнынан ұшып тұрды. Ержанның алақанында қарлығаштың кішкентай ғана сары ауыз балапаны шикылдап тұр.

— Бұл не? — деді Азат.

— Балапан.

— Ия, саған, балапан емес.

— Енді не?

— Торғай...

— Торғай емес, қарлығаштың балапаны, — деді Ержан.

— Қарлығаштың баласы ма бұл? Не дейді? — деді Азат шикылдағанын бір нәрсе деп тұр ма деп ойлап.

— Саған конфет бер дейді. Көрдің бе аузын ашады, — деп Ержан балапанды Азатқа ұстата салды.

Азаттың қолына түскен балапан бұрынғыдан да қатты шикылдады. Не айтып жатыр? Сірә, Ержанның айтқаны рас болар.

Осылайша ойлаған Азат аулада жүрген ма-
масына жүгіріп келіп конфет сұрады. Ба-
лапанды көрген мамасы:

— Луызга үріп салғандайын өзінің? —
деп балапанды мәпелей сипады да:— Кон-
фетті жаңа ғана емес пе еді жегенін,—
деді.

— Балапанға берем,— деді Азат.

— Балапан конфет жейтін бе еді,— деп
күлді мамасы,— ұясына апарып тастандар.
Көрсө, мысық жеп қояды.

— Жейді, конфет берші,— деп жалынды
Азат.

— Бар, үйден ала ғой,— деді мамасы
рұхсат етіп.

Азат үйінен конфет алып шықты.

— Же, же! — деді конфетті балапанның
тұмсығының астына ұстап. Бірақ, балапан
қырсық екен. Жемеді. Бар болғаны шикыл-
дай берді.

Балапан өте нәзік. Езуі сап-сары. Жүні
де үрпиген. Қанаты да қысқа, жалп-жалп
еткені болмаса, ұшып кете алмайды. Алды-

на қойған конфетті де жемей отыр. Кішкен-
тай дөңгелек, мойыл көздерін айналғаға жал-
тақ-жалтақ төнкереді.

Азат ашуланды. Берген конфетін неге
жемейді. Ұясына апарып тастау керек осы
үшін. Бірақ, ұясы қайда? Оны тек Ержан
біледі.

Балапанның шикылы баяулап барады.
Азат оны енді аяды. Үйіне алып барды. Кіш-
кене қобдишасын терезе алдына қойып, іші-
не мақта төседі. Соған балапанды қонақта-
тып, өзі терезеге асылып тұрды. «Мысық
жеп қояр» деп қауіптенді. Кешқұрым Ержан
келгенше ол балапанды қарауылдап тұрды.

— Ұясына апарамыз ба? — деді ол Ер-
жанға келген бетте.

— Апарамыз,— деді Ержан күліп.

Азат Ержанның неге күлгенін сезген
жоқ. Оның өзіне балапанды әдейі әкеп бер-
ріп, алдандырып кеткенін де білген жоқ.

О. Бодықов.

ТЫРНАНЫҢ ШАПАЛАҒЫ

«Әке көрген — оқ жонар, шеше көрген —
тон пішер» — дейлі ғой. Сондай-ақ әке
үлгісімен бе, әйтеуір, мен де аңшылыққа
қаршадайымнан құмар болдым,— деп бас-
тады әңгімесін қарт аңшы Жайлаубай.—
Аңшылық десе ішкен асымды жерге қоя-
тынмын.

Бала кезімде аң аулап жүргенімде мына-
дай қызық оқиға болды:

Алтын күз. Аңшылар үшін күзде қолай-
лы. Бұл кезде құс та, аң да семіз болады.

Ауылдың Қаратөбе жағына шыққанмын.
Келе жатсам, бидай аңызын тырналар ай-
налшықтай ұшып жүр. Олардың қонаты-
нына көзім жетті. Аңызда қалған дәнді
теріп жемек.

Бұл маңның ой-шұқыры түгел мәлім.
Аңызды бойлай жатқан жылғаға түстім.
Бір кезде бой созып қарасам, ойпандау
жерде мойны түйенің мойнына ұқсап, со-
райып бір топ құс жайылып жүр екен.
Аңыра қалдым, бұлардың «қарауылы»
болады дейтін еді. Дегенімдей-ақ жақын
төбешіктің бірінде жан-жағына жалтақ-
жалтақ мойнын созып біреуі тұр. Мені
байқамай қалды, болмаса «қиқуына» басып,
барлық тырналарды дүрліктірер еді ғой.
Бұға қойдым.

Жылғаны бойлап, жайылып жүрген тыр-
налардың оң қапталына ойыстым. Біресе

жүріп, біресе енбектеп, сүріне-жығыла
жылжып келем. Олар қаппен-қаперсіз
жайылып жүр.

Жақын келдім. Мылтығымды оңтай-
ланып, ортадағы мойнын созып тұрған
үлкен тырнаны қарауылға алып, басып
салдым.

Дәрі түтіні тарағанда қарасам, тырна-
лар қиқулап, бет-бетімен ұша жөнелген.
Оқ тиген әлгі тырна түйеше тайрандап
жерменен зытып барады. Мен соның соңына
түстім. Оқ шығарғым келмейді, тірідей
ұстасам деймін. Жүгіре-жүгіре өкпем өшті.
Мылтығымды да ауырладым. Мылтықты
тастай салып, бар пәрменіммен ұмтылдым.
Енді жеттім-ау дегенімде төбемнен ауаны
зуылдатып бірдеңе ағып түсті. Сол жағыма
біреу үлкен алақанымен шарт еткізіп салып
кеткендей болды. Көзден отым жарк
етті. Бетімді баса қалдым. Сол көзімнен
жас парлап, ауырып барады. Соған қара-
мастан көзімді ашып қарасам, оқ тиген
тырнаның қарасы көрінбейді, ал, мені
қанатымен соққан тырна әлі төбемде жүр.
Әй, мылтығымды тастап кеткеніме сондағы
өкінгенім-ай. Санымды ұрып қала бердім.
Ол-ол ма, тырнадан мықты шапалақ жегенім
әлі есімнен кетер емес.

Ш. Серімбетов.

Қабаншылар



Очерк.

Жыланды жотасының арғы жағын да, бергі жағын да өзен орап өтетін. Ол бір сумен қоршалған шағын арал еді. Сол аралда тал, оның арасында жалбыз, жидек өсетін. Оңаша аралдың ортасында баяғыда құлап, ескі өмірдің өзіндей қаусап қалған қораның орны бар. Оның маңына алабота, түйеқарын, жусан өскен. Бұл аралға ауылдан ешкім бармайтын. Шалғыны аз шағын арал үлкендерді қызықтыра қоймайтын. Тек анда-санда балалар ғана бұл аралды аралап қайтатын. Міне, осы ескі аралда биыл жазда бір керемет болды. Ымырт жабылып, түн болса-ақ сол аралдағы ескі қора орнынан жылтылдаған жарық көрінеді. Ол таң білінгенше сол маңды кезіп, бірде жанып, бірде сөніп жүреді де қояды. Ал, күндіз арал жақтан қимылдаған еш нәрсе көзге шалынбайды, дыбыс естілмейді.

Түн. Көзге түртсе көргісіз қараңғы. Екі бала ептеп басып мектеп үйінің алдындағы аласа қораға келді. Олардың бірі дембелше келген шегір көз Сабунов Сансызбай да, екіншісі «алақан көз» атанып жүрген ашаң бала Байтеміров Орынбай еді. Олар қора есігіндегі қара құлыпты сылдыратпастан ашып, ішке кәнігі барлаушыларша сып етіп кіріп келді. Орынбай дереу қол шамын жағып жіберді. Танаулары едірейген ірі көжектер жусан аралас жапырақты шөпті бырт-бырт шайнағанын дереу тоқтатып, көздерін тікірейтіп қарай қалысты.

— Міне,— деді Сансызбай досына сыбырлап,— бұл операция жөнінде мектептің басқа балалары да, село адамдары да, керек болса үй-ішіміз де білмеуі керек.

— Әрине,— деп қостады оны Орынбай, қораның қараңғы бұрышына қарап қойып.— Аралда қоян қорымы бар екенін білсе, талай әуесқойлар әуреге түседі ғой. Біздің

осы айтып тұруымыздың өзі жөн емес, қылмыс!

— Неге, ешкім жоқ қой?

— Мына көжектер ше.

— Түу, ойының қалмайды екен. Көне, көрзеңкеңді әкел.

Енді аздан кейін үлкен қақпақты корзинка және бір шағын жәшік үй қоянына лық толып, өзен жағасында тұрды. Сансызбай мен Орынбай ар жаққа өтетін жерді барлап, ауыл жаққа тағы бір құлақ тосып қалды. Тек, арғы көшеден радио үні ғана естіледі. Оның бұларға зияны жоқ, көре алмайды! Екі бала үлкен ағаш зембілді ептеп қана суға түсірді де, оның үстіне корзинка мен жәшікті сырғытып орналастырды. Зембіл суға батаын емес, дегенмен хауіпті. Су оның үстіне шығып кетіп, лықсып тұр.

— Ал,— деді Сансызбай даусын бәсең шығарып,— қорқушы болма. Мен зембілдің алдыңғы жағынан демеп, оны тура бағыттаймын. Сен жантая жүзіп, иығыңмен итере бер.

— Су жыланның түнде қырға шығатынын білемін.— деді Орынбай.— Шалпылдатпай жүзейік.

— Ал, кеттік.

Ені тар өзен бетінде ауыр зембіл алға қарай жылжыды. Денелерін суық су қарыса да, балалар әрнеден іштей хауіптеніп, тым шапшаң жүзіп келеді. Олардың мына әрекетін біреу көрген болса, бүкіл селоны басына көтерер еді. Күндіз сумаңдап жүретін сарыбас су жыланнан да, оратылып жататын қыл жыланнан да тайсалмай, бұларды осы әуреке салған кім десіп таңданған болар еді.

Арғы шет жайуат. Балалар сәл ентігін басып, бір-біріне жымыып қарап алды да, жәшікті, онан соң корзинканы құрғаққа алып

шықты. Олар аяқтарына шөптің инедей қалғанына, сирақтарын түиеқарынның тілгілеп жырғанына қарамастан, қояндарды күні бұрын қазылған, астына шөп төселген орға біртіндеп түсірді.

— Қақпақтарды әкел,— деді Орынбай ор ішіне қол шамының жарығын түсіріп.— Олар әлі-ақ үйреніп кетеді. Ертең күндіз елеусіз келіп, ордың астын үңгіп, тарам-тарам індер қазамыз. Ескі қораның орны тез қазылады.

— Мұнда ешбір жан келмейді. Тек, күзен болса құрту керек.

— Мысықты бұл жерге жуытушы болмайық. Күндіз апанға кіргізіп, ауыздардың бәрін жабамыз да, түнде кезектесіп жайып тұрамыз. Біз фермада төртеу қаламыз ғой. Мереке мен Жамбайды күндізгіге, екеумізді түнгіге белгілетуіміз керек. Ой, ертең қандай қызық болар екен!

— Күлжан апайға оңашалап айту керек.

Олар қол шамдарын бір жағып, бір сөндіре жүріп, қояндар тұрған ордың бетін тақтайлармен жауып, шеттерін таспен бастырып тастады. Жортқан күзен жоқ па деп маңайды да бір шолып өтті.

— Нағыз қоянның жері екен. Күзге қарсы бізде 120 емес, 150 ірі қоян болатындығына не деп ант іш дейсің.— деді түн салқыны денесін ширықтыра түскен Орынбай.

— Оның дұрыс,— деді Сансызбай ферма меңгеруші екендігін есіне түсіріп.— Күндіз де, түнде де бақташылар өз міндеттерін жақсы атқарса, «аузына ие» болса, бәрі де болады. Есіңде болсын, Күлжан апай айтқандай-ақ, өркімнің күнделікті жұмысына қарай баға қойып отырамыз. Қоян өсіруде алған екілігің сабақтан екі алғанмен бірдей және оны директордың өзі есепке аламын деді емес пе?

Енді бір сәтте Сансызбай мен Орынбай өзен суын қақ жара, қатар жүзіп келе жатты. Орынбайдың дәл жанынан бірдеңе шолп ете түсті.

— Түу,— деді ол екі қолымен өзен суын сыра түсіп,— жылан екен десем, ақ шабақ екен ғой.

Бұлт астынан шыға келген ай сәулесі өзен үстіндегі екі баланы ұшуға қанат қомдаған балапандарға ұқсатып тұрды.

— Ойбай, бәсе!..— Қажыбай қарт қуанығынан отыра қалды. Оның алдынан салпаң құлақ қара, талпақ танау тарғыл, абажадай аппақ, домаланған торы, қабандай семіз қарала, салпы қарын сары ала... қояндар шұбырып, түйдек-түйдек тіркесіп өтіп жатыр еді.

— Мына біреулері буаз ғой,— деді қарт қарны жер сызып келе жатқан сұр қоянды нұсқап.— Өзі сегіз табады екен. Емшегінен белгілі болып тұр, сегіз емшек.

Кәзір 130 қоян бар. Біз енді аз күнде 100 ірі қоянды мемлекетке өткіземіз,— деп Сансызбай сыдырта жөнелді.— Нағыз ферма болады. Осы аралдан үлкен қора соғамыз...

— Миллионер колхоз боламыз,— деп жымыды Орынбай әдеттегі әзіліне басып.— Сансызбайды бастық сайлаймыз.

Қуанышқа кенелген қарт қарқылдап күлді:

— Құпияларың керемет екен!..

Қояншы балалардың жүздері де жайнап сала берді. Таңғажайып оқиғаға құмар олардың жүздерін жаздың самал желі аймалап, өбіп тұр.

Әйткен Диқанов.

Ақмола облысы, Балхашин ауданы,
Аманкелді селосы.



ЖАҢА СТАДИОН

Бұдан төрт ай бұрын тамыздың бас кезінде Алматы қаласының тұрғындары үлкен бір салтанаттың куәсі болды. Бала-шаға, кәрі-жас демей, топ-топ болып, қала көшелерімен жоғары өрледі. Бағыттары — ескі базар. Бірақ, базар қазір бастапқы орнында емес, қаланың жоғарыдағы алыс шетіне көшіп кеткен. Оның үстіне, күн шығар-шықпас елең-алаң шақта қызатын базар саябыр тартып, алды тарай бастаған кез. Ендеше мына ел қайда барады?

Шоғыр-шоғыр топтардың жан-жақтан ағылып келіп, көлге құйған көп бұлақ тәрізденіп тоғысып жатқан жері — жайма базардың бұрынғы орны. Міне тамаша! Жайма базардың орнында сопақ сақина секілді айналасы ат шаптырым үлкен үй. Оның жыпырлаған көп терезелері, кең қақпалары бар, бірақ төбесі жабылмаған, ашық. Не тұрғын үйге, не театрға, не кеңсеге ұқсамайтын осынау ғажайып үйдің ішіне ғаламат зор репродуктор орнатылып қойған сияқты. Асқақ сазды марш сықылды музыка сарыны айналаға шалқи естіліп тұр. Зәулім дуалдың өне-бойын жағалай мойындарын көкке созған зәулім, биік темір мұнаралар көрінеді.

Бұл — Қазақ ССР-ның орталық стадионы еді. Бүгінгі салтанат соның ашылу құрметіне арналған.

Стадионның ашылуына өзінің футболшы ағасы Байболсынға еріп, Шекен де келді. Қаланың екінші шетінде тұратын болғандықтан ол бұл араны былтырдан бері көрмегенді. Енді қараса, адам танығысыз боп өзгеріп кетіпті. Бұрынғы қожалақ-қожалақ боп сылағы түсіп құлауға қалған ескі дуал да, күн ыстықта шаңы аспанға шығып, қолқаны қабатын, жаңбыр жауса табанынды тайғанатып, аяғыңа бес батпан болып жабыса кететін сары балшықты базар алаңы жоқ. Кең көше, сәнді тротуарлар, дыңғырап жатқан асфальт.

Шекенді әсіресе стадионның өзі қатты таңырқатты. Неткен биік, неткен үлкен! «Спартак» стадионындағы футбол ойындарын дуалға таяу өскен ағаштарға шығып, не аласа қоршаудан асып түсіп талай-талай көргені есіне түсе кетті де, ішінен «Мына стадионның дуалының биігі-ай! Қандай биік ағашқа шықсаң да іште не боп жатқанын көре алмасаң, қаншалықты мысық тәрізді епті болсаң да мына дуалдан асып түсе алмасаң!» — деп ойлап қойды.

— Түу, қандай үлкен! — деді ол ағасына таңдайын тақ еткізіп. — Айтшы, аға, неден салынған ол — тастан ба, кірпіштен бе? Қанша миллион кірпіш кетті екен, ә?.. Дәуін-ай, біздің мектептен де үлкен болар!

— Әрине, үлкен, — деді ағасы күліп, — мұның трибуналары бетоннан құйылған, тастан бір де кем емес. Ал, үлкендігіне келетін болсақ... Сендердің мектептеріңде қанша адам оқиды?

Шекен дереу ойша есептеп жіберді де:

— Мың шамалы ғой деймін,

— Ал мына стадионға қанша адам сияды деп ойлайсың?

— Мұнда ма?.. Мұнда... Он мың емес пе?

— Жоқ. «Спартактың» өзіне он мың сияды. Ал, бұл одан әлдеқайда үлкен.

— Сонда қанша?

— Отыз мың адам сияды.

— Ого! «Спартактан» үш есе үлкен екен ғой!

— Иә, «Спартактан» үш есе, ал сендердің мектептеріңнен бақандай отыз есе.

— Оты-ыз есе!!! — Шекен таңдайын бұрынғысынан да қаттырақ қағып, басын шайқады. — Түһ, отыз есе!

Олар жұрт нөпірімен араласа келіп, батыс жақтағы кең қақпадан ішке кірді. Бағанадан бері толассыз ағылып жатқан адам тасқыны мынау алып стадионның жұмырына жұқ та болатын емес. Сатылай көтерілген ұзын-салқар, абажадай кең трибуналарда әлі де бос орын көп.

Шекеннің көзіне бұдан кейінгі ерекше шалынған нәрсе — футбол алаңы. Түгі біркелкі қырқылған, жап-жасыл, масаты кілем тәрізді. Әдемілігі сондай, көз айырғың келмейді. Шекен тағы да таңданды.

— Аға, аға, мына стадион қашан салынып бітіп еді?

— Қашаны несі? Бүгін бітті ғой, соның ашылуына келген жоқпыз ба?

— Ал онда футбол алаңындағы шөпті қалайша тез өсірген? Әлде былтырдан бері дайындап қойған ба?

— Е—е, мынау де... Жоқ, шөп биыл, осы таяуда ғана өсірілді.

Шекен аузын ашып, көзін бақырайтып тағы да:

— Қалайша?! — деп сұрады.

— Оның сыры мынада. Былтыр алаңның орны тегістелген болатын. Ал биыл жұмысшылар қала сыртындағы шөбі әрі жұмсақ,

әрі тықыр, әрі қалың көгалдан шым ойып, оларды машинаға салып әкелді де, топырақты құрғатпай дымқыл күйінде дереу алаң үстіне төседі. Қазір сол шым «тақтайлар» бірімен-бірі әбден кірігіп, бұрынғысындай көгалға айналды.

— Ал, жүгіру жолы ше? Оны сары асфальттан жасаған ба? Әлде құм ба?

— Жоқ, Шекен, асфальт та емес, құм да емес. Өйткені, асфальт қатты да тайғақ болса, құм тым борпылдақ, жылдам жүгіруге қолайсыз. Жол айырықша жоспар бойынша жасалған. Оның ең астына ұсақ қиыршық тас төселген, сонан кейін көмір қоқысы мен мақта қауызынан жасалған қабаттар салынған. Ал бетіне черепица мен топырақ араластырылған арнаулы қоспа төселген.

— Қызық екен! Неге олай еткен?

— Тас төсеген жол ойдым-ойдым болып ойылмасын, біркелкі тегіс те мықты болсын дегені. Көмір қоқысы мен мақта қауызы әрі жаңбыр суын тез жұтады, әрі топырақты кіріктіріп, желім тәрізді ұстап тұрады. Топыраққа черепица араластырғандағы мақсат — жолдың борпылдақ, шаңдақ болмауын көздегендік, әрі аяқты ауыртпайтын жұмсақ болсын дегені. Енді түсіндің бе?

— Түсіндім. Тағы да бір сұрағым бар, аға?

— Иә, сұрай ғой.

— Радио қайдан сөйлеп тұр, репродуктор

көрінбейді ғой? Ал, дыбыс трибуналардың астынан шығатын сияқты.

— Анау алаңды айнала орнатылған айқаспалы қос кернейді көріп тұрмысың? Әне, анау, бір жақтары шұрық-тесік, сопақ темірлерді айтам. Репродукторларың — солар. Төменде тұрғандықтан дыбыс трибуналардың астынан шыққан секілді естіледі.

— Ал, алаңның бергі шетіндегі әне біреу, төрт бұрышты тесік не? Құдық па?

— Құдықтың керегі не, су проводы бар ғой. Ол — футболшылардың шығатын жері.


— А-а?! Сонда футболшылар оған ойын басталмастан бұрын барып кіріп отыра ма?

— Жоқ, олар алаңға тура киім шешетін бөлмелерінен шығады. Ал, киім шешетін бөлмелер трибуналардың астына орналасқан. Онда олардан басқа спорт жабдықтарын сақтайтын қоймалар, бөлмелері болады. Олар мына тесікпен жерасты жолы арқылы жалғасады.

— М—м—м... Ал, анау сұрайған...— деп Шекен енді стадион сыртындағы кран тәрізді темір мұнаралардың жәйін сұрайын деп келе жатыр еді, ағасы:

— Қойшы енді, Шекен. Қалған сұрақтарыңды кейін берерсің. Әне, қазір митинг басталады, тыңдайық,— деп тоқтатып тастады.

Ұзын мойын мұнаралардың сырын Шекен кейіннен білді. «Б» класының бесінші тобын-



дағы Свердловск соғыс округінің спорт клубы (СКВО) командасы мен Алматының «Қайрат» командасы ойнап жатқан еді. Кездесу күн қызуы қайтқан кешкілік шақта басталғандықтан екінші таймның орта кезінде-ақ ымырт үйіріліп, футболшылар да, доп та анық көрінбей кетті. Дәл осы кезде сонау жоғарыдан, қаракөк шырқау аспаннан мол сәулелі шаңқан нұр жомарттықпен ақтарыла кетті де, стадион ішін күндізгідей жарық етіп жіберді. Әсірелеп айтқанда, ине тұрмақ бір тал шаш жоғалтсаң да тауып алғандайсың.

Шекен ойынның қызығына да қарамастан басын жоғары көтерді. Сөйтсе темір прожекторлар екен. Жыпыр-жыпыр көп болғанымен жарықтары көз ұялтар шағырмақ екен, сегіз мұнара бар. Сонда барлығы 360 прожектор!

* * *

Жоғарыда айтылғанның бәрі—Шекеннің ғана көргендері мен білгендері. Оның өзінде де, бұл — стадионның орталық аренасы ғана. Ал құрылыс жұмыстары әліде жүргізілуде. Спорт шаһары түгелдей салынып біткен жоқ.

Құрылыс істері аяқталып, стадион тұтас пайдалануға берілгенде оның жалпы көрінісі мынадай болмақ. Ең алдымен оның сырт

жағынан шапшыған асқақ фонтандарға, неше алуан әсем гүлдерге толы үлкен парк жасалады.

Жүзгіштерге арналған су бассейндері де тамаша. Мұнда жаттығулар мен жарыстар қысы-жазы бірдей өткізіледі. Егерде бассейндегі су сызды-салқын күндері суып кететін болса, онда тез жылытып жіберуге мүмкіндік болады.

Спорт ойындары үшін арнайы кішірек стадион салынбақ. Онда волейбол, баскетбол, теннис, хоккей жарыстары өткізіледі. Трибуналарына бес мың адам сияды.

Сонымен қатар, күреске, боксқа, салмақ көтеруге және сайысқа арналған алаңдар да бар. Мылтық ататын тир де жасалуда. Ал Веснушка өзенінің ар жағына велосипед жарыстары өткілетін трек орналаспақ.

Құрылысшылар сендерді де ұмыт қалдырған жоқ, балалар. Олар сендер үшін арнаулы спорт алаңын салып береді. Онда өздеріңнің бойларыңа шақ турник, бумдар, швед керегелері, волейбол алаңдары болады.

Малти білмейтіндерге лайықталып жүзуге үйренетін су бассейндері жасалынады.

Міне, алматылықтар, «Кіші Лужники» деп атайтын Орталық стадион осындай. Ол шынында да Москва Лужникиінің Ленин атындағы Орталық стадионына көп ұқсайды. Тек көлемі ғана одан гөрі шағынырақ.

Т. Жанұзақов.



Біз Жайықтың жағасында тұрамыз. Мен әруақыт папама ілесіп, қайыққа мініп теңіз шалқарына шығамын. Менің әкем көптен бері Гурьев ауданының балықшы колхозында тұрады. Өзі талай жылдан бері балық аулайды.

...Міне, біз теңізде келе жатырмыз. Майда толқындарды қайық жан-жағына ысырып ілгері жылжиды. Анда-санда су салдыр етеді де, ақжал көбіктер жан-жаққа шашырайды. Мен әкеме қараймын. Ол сәл жымияды да, ескекті есе түседі.

Бір кезде әкем менен:

— Балам, балықшы болғың келе ме?—деді. Мен ойланып қалдым. Теңіз беті біресе тып-тыныш, біресе сәл дірілдеп бізді тербей берді.

— Я, әке, мен балықшы боламын. Мен теңізде саяхат жасауды жақсы көрем. Мектепті бітірген соң үлкендермен бірге жеке қайық алып балық аулаймын,—дедім. Әкем менің сөзіме риза болғандай күлімдеп басын изеді.

Т. Тажғалиев.

Гурьев облысы, Гурьев ауданы.

Оқушылар көпірі

Біздің 9-класс оқушылары өздерінің сабақтан бос уақыттарын тиімді пайдаланады. Олар мектепке ағаш материалдары қажет болған кезде аса бағалы бастама жасады. Ауылға жақын жердегі тоғайдан ағаш кесіп әкелу үшін суы бар терең сайға көпір салды.

Демалыс күні еді. Көпір салуға кластағы барлық балалар ұйымшылдықпен қатынасты. Бірі қада орнатып, енді бірі бөренелер салып, шөп тасып, топырақ үйіп, жұмыла еңбек етті. Әсіресе, Ниетов, Саркенов, Төлепқалиева, Жұмағазиева сияқты оқушылар өздерінің шеберлігімен көзге түсті.

Көпір салынып бітті. Мектеп коллективі мен совхоз жұмысшылары оқушыларға алғыс айтты. Мектепке қажетті ағаш материалдары толық тасылып алынды. Көпір совхоз жұмысшыларына да жақсы боп қалды.

Қазір ауыл шетіндегі терең сайға салынған ағаш көпір оқушылар көпірі деп аталады.

Ж. Сақыпқалиев.

Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы,
Октябрьдің 40 жылдығы атындағы орта мектептің
IX класс оқушысы.

Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Таяуда сен де шаңғымен жорыққа шығасың» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор Фум М. И.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жапындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 21/XI — 1958. УГ61025 84 × 108¹/₁₆ — 0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 33500 экз.
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 2292.

962988

Балалар,

өз журналдарың,
„ПИОНЕРГЕ“
жазылуды ұмытпаңдар!



Жас дос, сен өзіңе арналып қазақ тілінде шығарылатын «Пионер» журналына 1959 жылға жазылуды есіңнен шығарма.

«Пионер» журналына оқушылардың, пионерлердің өмірін суреттейтін жаңа повестер, әңгімелер, поэмалар, очерктер, өлеңдер басылып тұрады. Журналда ғылым, техника, оқу, спорт мәселелерін баяндап отыратын тұрақты бөлімдер бар.

Журналистика, жазушылық өнеріне талаптанушы жас буындарға журналдың редакциясы кеңес береді, олардың жариялау-

ға жарарлық шығармаларын журналға басып отырады.

Бұл журналды оқу — мектеп жасындағы балалардың бәріне қызық.

Журналға жазылу бағасы:

Бір жылға	12 сом.
Алты айға	6 сом.
Үш айға	3 сом.

Журналға «Союз печатьтің» барлық бөлімдерінде жазылуға болады. Жазылу мөлшеріне ешқандай шек қойылмайды.